

**Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 299-қ "Мұнайлы ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 288-қ қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30823 болып тіркелді

Мұнайлы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 299-қ "Мұнайлы ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4348 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұнайлы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы ауданының әкімі

Е. Кумискалиев

Мұнайлы ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы 28 қарашадағы  
№ 288-қ қаулысына қосымша  
Мұнайлы ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 27 қарашадағы  
№ 299-қ қаулысына қосымша

**Мұнайлы ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері**

| №   | Елді мекендердегі салық салу объектісінің орналасқан жері                                                                                         | Аймаққа бөлу коэффициенті |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|
| 1   | Маңғыстау ауылы                                                                                                                                   |                           |
| 1.1 | № 1, 1а, 1б, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 орамдары, Есмәмбет, Шапағат, Оңғарбекұлы көшелері | 2                         |
|     |                                                                                                                                                   |                           |

|     |                                             |      |
|-----|---------------------------------------------|------|
| 1.2 | Ақеспе, Бозжыра, Шеркала тұрғын үй алаптары | 1,85 |
| 1.3 | Айрақты тұрғын үй алабы                     | 1,95 |
| 1.4 | Бесшоқы тұрғын үй алабы                     | 1,95 |
| 2   | Баянды ауылы                                | 1,8  |
| 2.1 | Емір елді мекені                            | 1,2  |
| 3   | Қызылтөбе ауылдық округі                    | 2,1  |
| 4   | Атамекен ауылдық округі                     | 2    |
| 5   | Басқұдық ауылдық округі                     | 1,9  |
| 6   | Дәулет ауылдық округі                       | 1,7  |
| 7   | Батыр ауылдық округі                        | 1,6  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК